

Ораза қабыл болсын!

SARYARQA SAMALY

19 ақпан, бейсенбі
2026 жыл
№7 (16126)

Павлодар облыстық газеті
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

✉ ssamaly29@gmail.com

🌐 www.saryarka-samaly.kz

📘 facebook.com/saryarqasamaly

📷 @saryarqa_samaly

📱 @saryarqa_samaly

Ережені еле!



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Суретті түсірген - Есенжол Исабек.

Құрметті Павлодар облысының тұрғындары!

*Ардақты жерлестер!
Сіздерді құллі мұсылман
қауымы үшін қасиетті
саналатын Рамазан айының
келуімен шын жүректен
құттықтаймын!*

*Рамазан айы - жан дүниені
тазартып, жүрекке иман
нұрын ұялататын, сабыр мен
шүкірге үндейтін ерекше ай.
Бұл - мұқтаж жандарға қол
ұшын созып, мейірім мен жана-
шырлық танытатын, қоғам
алдындағы жауапкершілікті
терең сезінетін қасиетті кезең.
Рамазан біді ізгілікке бастай
отырып, қайырымдылық пен
кеңпейілділіктің шынайы мәнін
ұғындырады.*

*Павлодар өңірі - қашан
да ауызбіршілігі мен бауыр-
малдығын ту еткен аймақ.
Қиындыққа тап болған жан-
дарға демеу болу, жақсылық
жасау - жерлестеріміздің
бойындағы асыл қасиеттердің
бірі. Осы қасиетті айда
атқарылған әрбір сауапты іс,
әрбір игі қадам адамгершілік
пен өзара құрметтің жарқын
үлгісіне айналарына сенім-
дімін.*

*Ұстаған оразаларыңыз бен
жасаған дұға-тілектеріңіз
қабыл болсын! Алла Тағала
баршаңыздың ізгі ниеттеріңіз
бен қайырлы амалдарыңызды
еселеп қайтарсын. Әр шаңы-
раққа тыныштық пен береке,
зор денсаулық пен молшылық
тілеймін.*

*Қасиетті Рамазан айы
әрбір үйге шаттық пен рухани
жаңару әкелсін!*

Рамазан айы құтты болсын!

Асайын БАЙХАНОВ,
Павлодар облысының әкімі.



Телефон камерасымен осы
QR кодты сканерлеу арқылы
видео көре аласыз.

Жол үстіндегі тәртіпті және қала ішіндегі тыныштықты бақылау - жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің тікелей құзырында. Мамандар қызмет барысында қырағылық танытуға міндетті. Олар өз өмірлерін қатерге тіксе де, ел берекесін сақтау мақсатында қалтқысыз қызмет етуде. Өткен жылы облыстағы полиция қызметкерлері жол-көлік оқиғалары бойынша 6986 қоңырау қабылдаған.

Жалғасы 10-бетте ►►

Құттықтаймыз!

Асыл жар, аяулы ана, асыл әже Мария (Күлшат) Саттарқызы Шарбақты ауданы (Шевченко колхозы) қазіргі Алексеевка ауылының тумасы. 20 ақпанда торқалы тоқсан жасқа толады. Жұбайы Құсайынов Сары екеуі 50 жыл отасып, бақытты өмір сүрді. Жолдасы - мұғалім, өзі алдыңғы қатарлы сауыншы болды. Еңбегі бағаланып, халықтың қалауымен Шарбақты ауданының депутаты болып сайланды. Әрдайым шындықты айтып, адал еңбек етті. Тыл еңбеккері, еңбек ардагері, асыл анамызды туған күнімен құттықтап, төменгі жыр жолдарын арнаймыз.



*Зейнетке дейін еңбек етіп, қатарынан қалмаған,
Тәтті тағам, мейірімін балаларына арнаған.
Гүл-гүл жайнап, шуағыңды шаша берші біздерге,
Күш-қуат боп, тойлайықшы ғасыр тойын ойлаған.*

Тоқсан жас - бұл өмірлік тәжірибенің шыңы. Сіздей абзал ананың өнегелі өмірі бізге - үлгі!

Ізгі тілекпен, балалары, немерелері, жиендері, шөберелері.

(153)

SARYARQA
SAMALY

МАМАН ҚАЖЕТ!

Павлодар облыстық «Saryarqa samaly» газеті редакциясына келесі мамандық иесі қажет:

ОПЕРАТОР-БЕТТЕУШІ

Негізгі жұмысы: газет

мақалаларын көркемдеп беттеу.

Қойылатын талаптар:

Орта арнаулы/жоғары білімі болуы;

Компьютерде Фотошоп, Индизайн бағдарламаларын қолдана білу тәжірибесі.

Түйіндемені (резюме)

ватсап нөміріне жолдауға болады:
+7 (705) 511-97-03
ssamaly29@gmail.comЖұмыс уақыты
9.00-18.30
(түскі ас 13.00-14.30)

Аптадағы жұмыс күні: 5/2.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Дайын құжаттарды қайдан алуға болады?

Қандай да бір құжат қажет болған кезде халыққа қызмет көрсету орталығы мамандарының көмегіне жүгінеміз. Бірақ кейде дайын құжаттарды орталықтың жұмыс уақыты аралығында алып кетудің реті келмейді. Сондай кездерде оларды постаматтардан алуға мүмкіндік бар.

Халыққа қызмет көрсету орталығы тұрғындарға тиімді мүмкіндік ұсынып отыр. Мұнда дайын болған құжаттарды ыңғайлы уақытта, демалыс және мереке күндері де алып кетуге болады. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мәліметінше, ол үшін автоматтандырылған постаматтар тәулік бойы және демалыссыз жұмыс істейді. Постамат қызмет алушыға дайын құжатты жеке ұяшық арқылы өз бетінше алып кетуге мүмкіндік береді. Құжат дайын болған кезде азаматтың телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберіліп, онда ұяшықты ашуға арналған жеке код көрсетіледі. Сонымен қатар азамат биометриялық сәйкестендіруден өтеді.

Қазіргі таңда еліміздің 10 өңірінде барлығы 14 постамат жұмыс істейді. Олардың бірі облыс орталығындағы Павлов көшесі, 48 мекенжайындағы халыққа қызмет көрсету орталығында орналасқан. Сол арқылы мемлекеттік

қызметтердің 19 түрі бойынша дайын құжаттарды алуға болады. Олардың қатарында туу туралы, некеге тұру, некені бұзу және қайтыс болу туралы қайталама куәліктер, архивтік анықтамалар, аттестаттар мен дипломдардың телнұсқалары бар. Биыл постамат арқылы құжат беру қызметінің бағасы - 518 теңге.

Өз тілшіміз.



Хабарландыру

«ҚазТрансОйл» АҚ ««Прииртышск» АҚКП. Жылы автотұрақ алаңын қайта құру» жоба бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (<https://ndbecology.gov.kz/>) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде, 2026 жылдың 2 наурыз бен 6 наурыз аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Тапсырыс беруші - «ҚазТрансОйл» АҚ, Тұран даңғылы, 20; e-mail: G.Abdykalikova@kaztransoil.kz, тел. 8-7172-791-609. (159)

МЕДИЦИНА

Қан орталығының маңызы жоғары

«Адамның басты байлығы - денсаулық» деген халық нақылы бар.

Расымен, денсаулығың мықты болса, талай шыңдарды бағындырып, ұзақ та мәнді өмір сүре аласың. Ал егер иммунитет әлсіреп, денсаулық сыр бере бастаса ше? Әрине, емделудің неше түрлі жолын іздей бастайсың. Осы кезде тағы бір халық мақалы ойға келеді: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде».

Адамның бойындағы ең маңызды мүше ол жүрек десе, жүректен көйін екінші орынға қанды қояр едік. Себебі, ағзадағы барлық жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне қан мен жүректің маңызы өте зор. Қаның азайса, жүріп-тұруың қиындап, иммунитетің де, денсаулығың да бәрі нашарлай бастайды. Осындай кезде адамның өмірін сақтап қалу үшін көптеген медициналық мекемелер күн-түн демей жұмыс істейді. Күрделі операция кезінде немесе төтенше жағдайларда науқастың өмірі қыл үстінде тұрғанда дәрігерлермен қатар қан орталығының қызметкерлері де көмекке келеді. Донорлық қан - талай адамның өмірін сақтап қалған баға жетпес ресурс.

Осы бағытта өңірде үздіксіз қызмет атқарып келе жатқан бірден-бір мекеме - Павлодар облыстық қан орталығы. Бүгінде орталық облыс аумағында қан мен оның компоненттерін құю қолданылатын 20 клиникалық мекемені толық көлемде қамтамасыз етіп отыр. 2025 жылғы статистикаға сәйкес, донорлыққа 13171 адам тартылған. Мекеменің материалдық-техникалық базасы да кезек-кезеңімен жаңартылуда. Қазіргі таңда медициналық құрал-жабдықтармен

қамтамасыз ету деңгейі 85,1 пайызды құрайды, оның 44,9 пайызы ескірген. Бұл - өңірдегі денсаулық сақтау ұйымдары үшін орташа көрсеткіш. 2025 жылы донорлық қан мен оның компоненттерінің сапасын арттыру, сондай-ақ донорлар мен реципиенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 314 медициналық және технологиялық құрал-жабдық сатып алынды.

Орталық қызметкерлері тек тәжірибелік жұмыспен ғана шектелмей, ғылыми және ақпараттық бағытта да белсенді. Мамандардың мақалалары салалық журналдарда жарияланып, орталықтың қызметі телеарналар мен радио арқылы көңінен насихатталуда Мәселен, еліміздегі қан қызметі қауымдастығының өкілдері арасында тәжірибе алмасуға арналған, клиникалық және өндірістік қан қызметінің мәселелерін жариялауға арналған «Қан қызметінің журналы» ақпараттық-тәжірибелік журналының 2025 жылғы №1(15) санында 5 мақала жарияланған. Олардың қатарында «Бастапқы донорлар арасындағы сауалнама нәтижелері және қан донорлығына қосылу себептері» (Г.К.Оспанова., Г.С.Смағұлова.), «Павлодар облыстық

қан орталығында біріктірілген тромбозиттерді өндіру технологиясын енгізу тәжірибесі» (А.М.Күзеков, С.Б.Сыздықова, Д.М.Өңгербаева), «2020-2024 жылдарға арналған қан донорларында АИТВ-инфекциясын анықтау және растау нәтижелерін бақылау мониторингі» (А.М.Күзеков, С.Б.Сыздықова, Д.М.Өңгербаева), «Павлодар облысындағы 2021-2024 жылдарға арналған жаңа мұздатылған плазмалық карантинге талдау» (Г.А.Святова.), «Павлодар облысындағы резус-антиденелері бар әйелдерді иммуногематологиялық зерттеу» (Г.Б.Макишева, С.М.Елшібаева, С.Б.Сыздықова) атты мақалалар бар.

Бұдан бөлек, мекеме қызметкерлері халықаралық конференцияларына қатысып, баяндамаларын оқыды. 2025 жылдың 17-18 сәуірінде Медициналық зертхананың (ЛДИ) меңгерушісі Ж.С.Сиязова Астана қаласында «Павлодар облыстық қан орталығында 2022-2024 жылдарға арналған трансфузиялық-трансмиссивті инфекцияларға бастапқы реактивті сынамалардың растаушы сынамаларының нәтижелерін талдау» тақырыбында баяндама жасады, ал ШЖҚ «Павлодар облыстық қан орталығы»

SARYARQA
SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №КЗ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры
Рүслан БИЛЯЛОВБас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.Редакцияның мекенжайы:
140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электронды поштасы: ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.
Жауапты хатшы - 66-15-31.
Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-32.
Экономика, саясат - 66-14-61, 66-12-74.

Жарнама бөлімі:
smi14reklama@gmail.com
66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 3215 дана, бүгінгі көлемі 8 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефон: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 203

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді өзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.

Нұрайым ҚАЛЫБЕК.